ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

АВИАЦИЯЛЫҚ ОТЫНДАРДЫҢ ҚАТУ ТЕМПЕРАТУРАСЫН АНЫҚТАУ ӘДІСІ

МЕТОД ОПРЕДЕЛЕНИЯ ТЕМПЕРАТУРЫ ЗАМЕРЗАНИЯ АВИАЦИОННЫХ ТОПЛИВ

ҚР СТ 2415 - 2013

ASTM D 7153-05 (2010) Standard test method for freezing point of aviation fuels (automatic laser method), (MOD)

Осы ұлттық стандарт ASTM D 7153-05 (2010 Standard test method for freezing point of aviation fuels (automatic laser method) негізделген, әзірлеушісі АСТМ Интернешнел, 100 Барр Харбор Драйв, Вест Конекшен, Пенсильвания штаты, 19428, АҚШ, авторлық құқығына АСТМ Интернешнел, PA 19428, США ие. АСТМ Интернешнел рұқсатымен қайта басылып шығарылады.

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

АВИАЦИЯЛЫҚ ОТЫНДАРДЫҢ ҚАТУ ТЕМПЕРАТУРАСЫН АНЫҚТАУ ӘДІСІ

ҚР СТ 2415 - 2013

ASTM D 7153-05 (2010) Standard test method for freezing point of aviation fuels (automatic laser method), (MOD)

Осы ұлттық стандарт ASTM D 7153-05 (2010 Standard test method for freezing point of aviation fuels (automatic laser method) негізделген, әзірлеушісі АСТМ Интернешнел, 100 Барр Харбор Драйв, Вест Конекшен, Пенсильвания штаты, 19428, АҚШ, авторлық құқығына АСТМ Интернешнел, PA 19428, США ие. АСТМ Интернешнел рұқсатымен қайта басылып шығарылады.

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

АЛҒЫСӨЗ

1 «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамы **ӘЗІРЛЕП**

«Мұнай, газ, олардан қайта жасалған өнімдері, материалдар, мұнай, мұнай-химия және газ өнеркәсібіне арналған жабдықтар мен құрылыстар» № 58 стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 28 қарашадағы 2013 жылғы № 548-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ASTM D 7153-05 (2010) «Standard test method for freezing point of aviation fuels (automatic laser method)» (Авиациялық отындардың қату температурасын анықтау. Автоматтық лазерлік әдіс) шетел стандартына қатысты шетел стандартының нормативтік сілтемелерін қолданыстағы мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарға ауыстырумен шартталатын стандарт элементінің мазмұнын өзгерту жолымен түрлендірілген, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының сұраныстарын есепке алу үшін стандартқа енгізілген қосымша сөздер (сөз тіркестері, көрсеткіштер, олардың мәндері) және/немесе стандарттаудың ерекшеліктері курсивпен белгіленген.

Ұлттық және/немесе мемлекетаралық стандарттар ретінде қабылданған шетел стандарттарына сілтемелер «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде ауыстырылған және стандарт мәтінінде сәйкесінше ұқсас және түрлендірілген ұлттық немесе мемлекетаралық стандарттарға өзгертілген.

Сілтемелерді ауыстыру туралы ақпарат Е.1 қосымшасында берілген.

Осы ұлттық стандарт ASTM D 7153-05 (2010 Standard test method for freezing point of aviation fuels (automatic laser method) негізделген, әзірлеушісі ASTM Интернешнел, 100 Барр Харбор Драйв, Вест Конекшен, Пенсильвания штаты, 19428, АҚШ, авторлық құқығына ASTM Интернешнел, PA 19428, АҚШ ие. ASTM Интернешнел рұқсатымен қайта басылып шығарылады.

Осы ұлттық стандартты дайындауға пайдаланылған шетел стандарттарының ресми даналары олардың және сілтеме берілген шетел стандарттарының аудармалары Бірыңғай мемлекеттік нормативтік техникалық құжаттар қорында бар.

Ағылшын тілінен (en) аударылды.

Сәйкестік дәрежесі – (MOD).

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2018 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

4 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе ішінара шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Авиациялық отындардың қату температурасын анықтау әдісі

Енгізілген күні 2014-07-01

1 Қолданылу саласы

1.1 Осы стандарт газтурбиндік қозғалтқыштарға арналған авиациялық отындарға және авиациялық жанармайға таратылады және қатты көмірсутектердің кристалдары түзілетін қату температурасын анықтауға арналған автоматтық лазерлік сынау әдісін орнатады.

1.2 Осы әдіс температурасы минус 80 °С бастап 20 °С дейінгі мәндер диапазонында кристалдану температурасын анықтау үшін әзірленді.

1.3 ӨҚ бірліктерінде көрсетілген мәндер стандарттық болып келеді. Осы стандарта өзге өлшем бірліктеріндегі мәндер берілмеген.

1.4 Осы стандарттың мақсаты оны пайдаланумен байланысты қауіпсіздіктің барлық мәселелерін қарастыру болып табылмайды. Осы стандартты пайдаланушы қауіпсіздік, денсаулықты қорғау талаптарына және осы стандартты қолданыстағы мемлекеттік, аймақтық және жергілікті заңнамалық актілерге сәйкес қолданылуына жауапты.

2 Нормативтік сілтеме

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың тек көрсетілген басылымы қолданылады, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданылады.

ҚР СТ GB/T 2430 - 2013 Авиациялық отындарда қату температурасын анықтау әдісі*

ҚР СТ ИСО 3170-2006 Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен таңдау әдістері.

ҚР СТ ИСО 3171-2007 Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектері. Сынамаларды құбырлардан автоматтық таңдау.

1-ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар (және жіктеуіштердің) Қазақстан Республикасында қолданысын ағымдағы жылдың 1 қаңтары бойынша құрылған сәйкесінше сілтемелік стандарттар (және жіктеуіштер) және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданыладыы.

* - жариялану сатысында

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандарта келесі сәйкесінше анықтамалары бар терминдер қолданылады:

3.1. Авиациялық отындағы кристалдану температурасы: Салқындату кезінде түзілген қатты көмірсутектер кристалдары белгілі сынау шарттарында отын температурасы жоғарылауы кезінде жоғалатын отын температурасы.

3.1.1 Автоматтық лазерлік әдіс (automatic laser method): көмірсутектер кристалдары толығымен қайта сұйық фазаға өтетін бақыланатын шарттардағы қыздыру және температураны тіркеу кезектесіп келетін көмірсутектер кристалдарының түзілуіне дейін авиациалық отынның сынамасын автоматтық салқындату процедурасы.

3.2 Шарттық белгілер

Cd – белгіленген сынау шарттарында кристалдардың оптикалық детекторымен сынамада көмірсутектердің алғашқы кристалдарының түзілуі тіркелетін сынама температурасы.

Co - белгіленген сынау шарттарында лайланудың оптикалық детекторымен сынаманың лайлануы тіркелетін сынама температурасы.

Do - белгіленген сынау шарттарында лайланудың оптикалық детекторымен сынама лайлануының жоғалуы тіркелетін сынама температурасы.

4 Маңызы және қолданылуы

4.1 Сынаманы лазерлік жарық көзінің әрдайым жарықтандыруы кезінде (10 ± 5) °С/мин жылдамдықпен салқындатады. Сынама үздіксіз кристалдардың оптикалық детекторымен және лайланудың детекторымен көмірсутектердің алғашқы кристалдарының түзілуіне тексеріледі. Екі оптикалық детектормен көмірсутектердің алғашқы кристалдарының түзілуі тіркелген соң, сынама (3 ± 0,5) °С/мин жылдамдықпен қыздырылады. Алғашқы лайлану жоғалған соң сынама (12 ± 1) °С/мин жылдамдықпен қыздырылады. Көмірсутектің соңғы кристалдары сұйық фазаға өтетіндей, кристалдар детекторымен анықталатын сынама температурасын кристалдану температурасы ретінде жазып алады.

4.2 Кейбір жағдайларда сынама аспаптың көмегімен шамамен 10 °С температураға дейін қайта қыздырылады, содан кейін 4.1 көрсетілген жылдамдықпен көмірсутек кристалдарын детектор тіркегенге дейін салқындатады. Кейін сынама көмірсутектің соңғы кристалдары сұйық фазаға өткенге дейін (12 ± 1) °С/мин жылдамдықпен қыздырылады. Көмірсутектің соңғы кристалдары сұйық фазаға өтетіндей кристалдар детекторы арқылы анықталатын сынама температурасын кристалдану температурасы ретінде жазып алады.

5 Маңыздылығы және қолданылуы

5.1. Авиаялық отынның кристалдануы – бұл ұшақтың отын жүйесіндегі отынның фильтр арқылы өтуіне кедергі келтіруі мүмкін отында көмірсутек кристалдары болмаған жағдайдағы ең төменгі температурасы. Ұшақ багіндегі отын температурасы әдетте ұшу кезінде төмендейді және ұшақ жылдамдығына, ұшудың биіктігі мен ұзақтылығына байланысты болады. Отынның кристалдану температурасы әрдайым отынның минималдық жұмыс температурасынан төмен болуы қажет.

5.2. Мұнай өнімдерін араластыру операциялары кристалдану температурасының нақты өлшенуін талап етеді.

5.3. Осы стандарттың әдісін қолдану арқылы алынған анықтау нәтижелері 0,1 °С дейінгі дәлдікпен беріледі. Осы әдіс *ҚР СТ GB/T 2430* әдісімен салыстырғанда оператордың нәтижелерді анықтауға және оларға өңдеу жүргізуге кеткен уақытты қысқартуға мүмкіндік береді.

5.4 Егер техникалық шарттар бойынша *ҚР СТ GB/T 2430* сынау әдісі қарастырылса, онда осы стандарт әдісі немесе кез-келген басқасы қолданылуы мүмкін емес.

6. Құрал-жабдық

6.1 **Автоматтық аспап**. Осы аспап салқындатуды, қыздыруды және сынама температурасы мен кристалдардың және лайланудың түзілуін/жойылуын бақылауға арналған екі оптикалық детекторларды тіркеуді қамтамасыз ететін микропроцессормен бақыланатын сыналатын ұяшықтан тұрады. Аспаптың толығырақ сипаттамасы А1 қосымшасында келтірілген.

6.2 Аспап сынамаға арналған камерамен, оптикалық детекторлармен, лазерлік жарық көзімен, сандық дисплеймен, салқындату және қыздыру жүйесімен және сынама температурасын өлшеуге арналған құрылғымен жабдықталуы қажет.

6.3 Сынамаға арналған камерада температураны өлшеу құрылғысы 0,1 °С дискреттік есебімен және 0,1 °С дейінгі дәлдікпен температурасы минус 80 °С бастап 20 °С дейінгі шамалар диапазонында сынама температурасын өлшеуді қамтамасыз етуі қажет.

6.4 Аспап сынаманы салқындатуды (10 ± 5) °С/мин жылдамдықпен, сынаманы қыздыруды (3 ± 0,5) °С/мин жылдамдықпен және температурасы минус 80 °С бастап 20 °С дейінгі шамалар диапазонында (12 ± 1) °С/мин жылдамдықпен қамтамасыз етуі қажет.

6.5 **Шприц,** сыналатын ұяшықтың енгізу саңылауына сәйкес келетін ұшын біріктіруге арналған ұшы немесе адаптері бар, (10 ± 2) мл шамасындағы сынама көлемін енгізуді қамтамасыз етеді. Луер типі бойынша біріктіретін конусы бар, 10 $см^3$ көлемдік біржолғы шприцті қолдануға болады.

6.6 **Қалдықтарды жинауға арналған сауыт,** сыналатын ұяшыққа сынаманы шприцпен енгізу кезінде артылған сынаманы жинауды қамтамасыз етеді. 400 $см^3$ көлемді қарапайым химиялық шыны стакан қолдануға болады.

7 Сынаманы таңдау

7.1 Сынамаларды таңдауды *ҚР СТ ИСО 3170 немесе ҚР СТ ИСО 3171* сәйкес жүргізеді.

7.2 Сынау жүргізу үшін 30 $см^3$ шамдан төмен емес сынама қажет.

8 Аппаратураны дайындау

8.1 Сынау жүргізуге арналған аппаратураны өндіруші нұсқаулығына сәйкес орнатады.

8.2 Аспаптың электр қуат көзінің негізгі ауыстырып-қосқышын қосады.

9 Калибрлеу

9.1 Механикалық және электрондық жүйелерін калибрлеу және аспапты пайдалану бойынша өндірушінің барлық нұсқаулығын орындау қажет.

9.2 Аспаптың қызмет етуін тексеру үшін *ҚР СТ GB/T 2430* бойынша сынау нәтижелері белгілі турбореактивтік қозғалтқыштарға арналған авиациялық отын сынамасын қолдануға болады.

10 Сынауды жүргізу

10.1Құрамында ауа көпіршіктері жоқ (10 ± 2) $см^3$ көлемді сынама мөлшерін шприцпен алады. Шприцті қосу саңылауымен біріктіреді (1-суретті қараңыз). Сыналатын ұяшыққа (10 ± 2) $см^3$ көлемдегі сынаманы шашырату арқылы шаяды, артылған сынама қалдықтарды жинау сауытына ағады (2-суретті қараңыз).



1-сурет – Қосу саңылауына енгізілген шприц



2-сурет – Қалдықтарға арналған сауыт

10.2 10.1 сәйкес ұяшықты шаюды қайталайды.

10.3 Құрамында ауа көпіршіктері жоқ (10 ± 2) $см^3$ көлемді сынама мөлшерін шприцпен алады.

10.2 Шприцті қосу саңылауымен біріктіреді (1-суретті қараңыз). Сынаманы сыналатыын ұяшыққа енгізеді; артылған сынама қалдықтарды жинау сауытына ағады (2-суретті қараңыз).

10.4 Шприцті сынамаға арналған қосу саңылауынан сынау жүргізу аяқталғанша дейін алмайды.

10.5 Өндіруші нұсқаулығына сәйкес сынау жүргізу үшін аспапты қосады. Осы мезеттен бастап және сынау жүргізу аяқталғанша дейін аспап автоматты түрде кристалдану температурасын анықтаумен байланысты барлық операцияларды орындайды.

10.5.1 Әрдайым поляризациялық лазерлік жарық көзімен жарық беру кезінде сынама (10 ± 5) °С/мин жылдамдығымен салқындатылады. Сынама үздіксіз екі оптикалық детектормен көмірсутектің алғашқы кристалдарының түзілуіне тексеріледі: лайлану детекторымен және кристалдар детекторымен (3-суретті қараңыз).

10.5.2 Кристалдар детекторы (Cd) және лайлану детекторы *(Co)* арқылы алғашқы кристалдар түзілуін тіркеген соң, сынама лайлану детекторымен тіркелетін лайлану жоғалғанша дейін (Do) сынама (3 ± 0,5) °С/мин жылдамдықпен қыздырылады. Осы мезеттен сынама (12 ± 1) °С/мин жылдамдықпен қыздырылады, оған қоса сынаманы кристалдар детекторымен үздіксіз тексеру жүргізіледі. Соңғы кристалдардың жоғалуын кристалдар детекторы арқылы тіркеп болған соң, көмірсутектің соңғы кристалдары сұйық фазаға өтетіндей сынама температурасы тіркеледі. Детекторлау қисықтарының мысалдары А.1.2.12 және А.1.5-суретінде келтірілген.

10.5.3 Жазылған температураны алғашқы кристалдар *(Cd)* тіркелген температурамен салыстырады. Егер жазылған температура *Cd* температурасынан жоғары болса, онда бұл температураны кристалдану температурасы ретінде көрсетеді.

2-Ескертпе Көп жағдайларда 10.5.3 бойынша анықтау кезеңісынау жүргізудің аяқталуы болып келеді. (10.5.4 қараңыз).

10.5.4 Кейбір жағдайларда 10.6 сәйкес аспап арқылы сынаудың екінші циклін орындау жүзеге асырылады.

3-Ескертпе 10.5.4-да сипатталған жағдайдың туындауы сынаманың мүмкін ластануын білдіреді. Бұл жағдайда сынау жүргізудің ұзақтылығын қысқарту мақсатында (12 ± 1) °С/мин қыздыру жылдамдығы қолданылады.

10.6 Сынаудың екінші циклі

10.6.1 Біріншілік сынама шамамен 10 °С дейін қыздырылады және содан соң поляризациялық лазерлік жарық көзімен әрдайым жарықтандыру кезінде (10 ± 5) °С/мин жылдамдықпен салқындатылады. Сынама алғашқы көмірсутектер кристалдарының түзілуіне үздіксіз оптикалық кристалдар детекторымен (3-суретті қараңыз) тексеріледі. Көмірсутектердің алғашқы кристалдары (Cd) түзілуін кристалдар детекторы тіркеген соң, сынама тағы 5 °С салқындатылады, кейін салқындату аяқталады.

10.6.2 Сынама (12 ± 1) °С/мин жылдамдықпен қыздырылады, оған қоса сынама кристалдар детекторымен үздіксіз тексеріледі. Көмірсутектердің соңғы жоғалуын кристалдар детекторы тіркеген соң, көмірсутктің соңғы кристалдары сұйық фазаға ауысатын сынама температурасын кристалдану температурасы ретінде жазып алады.

Ескертпе 4 Екінші циклді орындау авиациялық отын болмайтын өнімдермен сынаманың ластануына әкелуі мүмкін, және қабылданған дәлдік көрсеткіштері бұл жағдайда қолданылмауы да мүмкін.

10.7 Кристалдану температурасы жазылған соң, сыналатын ұяшық қоршаған орта температурасына дейін қыздырылады. А.1.5-суретінде сынау процесінің екі мысладары көрсетілген: біреуі реактивті қозғалтқыштарға арналған таза отын үшін, екіншісі ластанған.

10.8 Кристалдану температурасының мәні 0,1 °С дейін автоматы түрде дөңгелетіледі және аппаратураның дисплейіне шығарылады.

10.9 Сынамаға арналған қосу саңылауынан шприцті алады. Сыналатын ұяшықты тазарту келесі сынауды жүргізу кезінде жүргізіледі.



1 – сынамаға арналған камера; 2- температура датчигі; 3- сынамаға арналған сыналатын ұяшық; 4, 5 – сынамаға арналған қосу және шығару саңылаулары; 6 - лазер; 7 – кристалдар детекторы (А.1.5-суретіндегі қалың қисықты қараңыз); 8 – жарық сәулелендіргіш; 9,11 – поляризациялық фильтрлер; 10 - терезе; 12 – лайлану детекторы (А.1.5-суретіндегі пунктирлік қисықты қараңыз).

3-сурет – Аспаптың жұмыс істеу принципі

11 Сынау хаттамасы

11.1 Осы стандарттың әдісі бойынша кристалдану температурасы ретінде 10.8 сәйкес тіркелген сынау температурасын хаттамаға жазады.

12 Жаңғырту және қателік

12.1 Дәлдік

Осы сынау әдісінің дәлдігі зертханааралық сынау нәтижелерін статистикалық өңдеу нәтижесінде келесі түрде анықталды.

12.1.1 Қайталануы

Әдісті дұрыс орындаған жағдайда ұзақ уақыт аралығында жиырма жағдайдың біреуінде ғана мәні 0,6 °С жоғары болуы мүмкін ұқсас сыналатын өнімге бір жабдықта

бірдей жұмыс шарттары кезінде бір оператормен алынған екі кезектес сынау нәтижелері арасындағы айырмашылық,

12.1.2 Жаңғырту

Әдісті дұрыс орындаған жағдайда ұзақ уақыт аралығында жиырма жағдайдың біреуінде ғана мәні 0,9 °С жоғары болуы мүмкін ұқсас сыналатын өнімге әр түрлі зертханаларда әр түрлі операторлармен алынған екі бөлек және тәуелсіз сынау нәтижелері арасындағы айырмашылық,

12.2 Қателік

Осы сынау әдісінің қателігі авиациялық отынды модельдейтін кристалдану температурасы белгілі көмірсутектердің сұйық қоспасының жоқтығынан орнатылуы мүмкін емес.

12.3 Қатыстық ауытқу

Зертханааралық сынаулар бағдарламаларын орындағанда алынған барлық сынамалардың сынау нәтижелерінің *ҚР СТ GB/T 2430* әдісі бойынша алынған нәтижелерден ауытқулары талданды. Сонымен қатар, келесі формула арқылы мөлшерлік анықталған жүйелік ауытқу байқалды:

$$ҚР\ СТ\ GB/T\ 2430 = X - 0{,}347 \qquad (1),$$

мұндағы, *ҚР СТ GB/T 2430 - ҚР СТ GB/T 2430* әдісі бойынша алынған нәтижелердің орташа мәні; *X* – осы стандарт әдісі бойынша алынған нәтижелердің орташа мәні.

12.3.1 Мысал

Егер *ҚР СТ GB/T 2430* бойынша анықтау нәтижелері минус 60 °С тең болған жағдайда, онда осы стандарт әдісі бойынша анықтау нәтижесі минус 59,65 °С тең болады, яғни *ҚР СТ GB/T 2430* бойынша анықталған нәтижелерден 0,347 °С жоғары болады.

Бұған қарамастан қатыстық ауытқу екі сынау әдісінің жаңғырту шегінде болады.

12.3.3 Осы стандарт әдісі және *ҚР СТ GB/T 2430* сынау әдісі арасындағы зерттеу есебінде көрсетілген жаңғырту мәні (Rxy) 1,9 құрайды. (Қатыстық ауытқулар мен әдістер туралы қосымша ақпарат алу үшін ASTM № RR:D02-1572 2003 жылғы зерттеу есебіне қараңыз).

12.4 Дәлдік көрсеткіштері 2003 жылғы зертханааралық сынаулар бағдарламасын орындау нәтижесінде орнатылды. Осы бағдарламаның қатысушылары кристалдану температурасы минус 42 °С бастап минус 62 °С дейін диапазон шамасында болатын әр түрлі авиациялық отын сынамаларының 13 тобын талдады. Бағдарламаға қатысқан он үш зертханалар автоматтыө лазерлік әдісті қолданып сынау жүргізді, он бес зертханалар - *ҚР СТ GB/T 2430* бойынша қолмен сынау әдістерін жүргізді. Дәлдік көрсеткіштері автоматтық лазерлік әдіспен қамтамасыз етілетін 0,1 °С дискреттік есепті ескергендегі статикалық мәндерді жинаған соң есептелді. Сынамалар түрі және олардың кристалдану температурасының орташа мәндері туралы ақпарат ASTM International штаб-пәтеріндегі RR:D02-1572 зерттеу есебінде бар.

А қосымшасы
(міндетті)

А.1 Аппаратураның сипаттамасы

А.1.1 Жалпы мәліметтер

Микропроцессорлық контроллермен сынау жүргізуге арналған аспап А.1.2 сипатталған және А.1.1. А.1.2-суреттерінде көрсетілген. Сынауға арналған аспапта А.1.1-суретіне сәйкес орналасқан сынауға арналған қосу саңылауы, оптикалық детекторлары, лазерлік жарық көзі, сынамаға арналған камерасы, температура датчигі, салқындату жүйесі және қыздыру жүйесі болуы қажет.

А.1.2.1 Сыналатын ұяшық, А.1.1-суретіне сәйкес орналасқан сынаманы енгізуге арналған қосу саңылауы, оптикалық детекторлары, сынамаға арналған камерасы, температура датчигі және қыздыру құрылғысы бар ұяшық.

А.1.2.2 Сынамаға арналған камера, диаметрі (3,7 ± 0,1) мм, ұзындығы (22 ± 2) мм болатын бұрғыланған тесігі бар алюминді блогы. Алюминді блоктың минималдық сыртқы өлшемдері 66 х 42 х 16 мм болу керек А.1.1-суретін қараңыз.

А.1.2.3 Температура датчигі, ±0,1 °С максималдық қателікпен 20 °С бастап минус 80 °С мәндер диапазонында 0,1 °С дейінгі дәлдікпен көрсеткіштерді алуды қамтамасыз етеді. Датчиктің калибрлену кезеңділігі 12 айда бір реттен кем емес болуы қажет, калибрлеу сертификатында 20 °С, минус 40 °С және минус 80 °С температуралары үшін түзетулері болуы қажет. Температура датчигі сынамаға арналған камераның төменгі бөлігіне құрастырылған болуы қажет, оның орналасуы сынама температурасын дәл өлшеуді қамтамасыз етуі қажет.

А.1.2.4 Салқындату жүйесі, 0,1 °С дейінгі дәлдікпен болжанатын сынау температуралары диапазоны шегінде сынама температурасын реттеуді қамтамасыз ететін интегралдық салқындату жүйесі.

А.1.2.5 Қыздыру жүйесі, 0,1 °С дейінгі дәлдікпен болжанатын сынау температуралары диапазоны шегінде сынама температурасын реттеуді қамтамасыз ететіндей сынамаға арналған камерамен біріктірілген.

А.1.2.6 Тіркеудің оптикалық жүйесі

Электрондық оптикалық жүйе сынамада көмірсутектер кристалдарының түзілуін/жоғалуын тіркеуге арналған. Лазерлік жарық көзінің толқын ұзындығы сәулелену қуатының 3 мВт тең шамасында (650 ± 20) нм құрау қажет. Жүйе жарық түрлендіргішінен және екі жарық қабылдағышынан, яғни, кристалдар детекторы мен лайлану детекторынан тұруы қажет. 3,7 мм диаметрлі тесіктердің екі жағынан А.1.2.2 көрсетілгендей сынамаға арналған камерада жарықтың поляризациялануы үшін екі фильтр орналасуы қажет. Лайлану қабылдағышы сәулелену қабырғасынан 90° бұрышта сынамаға арналған камерада тесік шетінен (6 ± 0,5) мм қашықтықта орналасуы қажет. Лайлану детекторының терезесі 3,7 мм диаметрлі бұрғыланған тесікпен біріктірілуі қажет.

А.1.2.7 Аспаптың сыртқы түрі – Аспаптардың сыртқы түрлері өзгешеленуі мүмкін, бірақ та ұсынылатын дисплей мен кнопкалар төменде көрсетілгендей болады. Стандарттық аспап (А.1.3, А.1.4-суреттерді қараңыз) мысал ретінде келтірілген.

А.1.1 ескертпесі – Егер үлгі біртекті сұйықтық болған жағдайда кристалдар детекторы мен лайлану детекторына жарық түспейді. Кристалдар детекторы мен лайлану детекторынан алынған дабылдар микропроцессорлық жүйемен түрлендіріледі және талданады. Сынамада көмірсутектер кристалдары түзілген кезде жарық сәулесі шашырайды және дабыл екі детекторге жетеді. Типтік сұлбасы А1.2-суретінде көрсетілген.

А.1.2.8 Дисплей өлшеу уақытындағы сынама температурасының өзгерісін көрсетеді, әр түрлі мәзір бет белгілерін таңдау кезінде аспаптың күйі туралы ақпаратты шығарады. Тұрып қалған кезде және ақаулар жоқ кезінде дисплейде сәйкесінше хабарлама болуы қажет. Сынау жүргізу аяқталған соң нәтижесі дисплейде көрінеді. Аспапта оптикалық детекторларға түсетін бытыраңқы жарықтың жарықтық деңгейін дисплейде көрсету мүмкіндігі қарастырылуы қажет. Осы ақпарат қызмет көрсетуші персоналдың ақауларды жоюы үшін қолданылуы мүмкін. Диагностикалық хабарламалардың толығырақ сипаттамасы техникалық қамтамасыз ету бойынша өндіруші басшылығанда келтірілген.

А.1.2.9 Мәзір клавишалары операторға әр түрлі функционалдық мәзірлерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, мысалы температураның Цельсий градусымен берілген көрсеткіштерін Фаренгейт градустарындағы көрсеткіштерге ауыстыруға болады және керісінше; Цельсий шкаласы стандарттық екенін атап өткен жөн.

А.1.2.10 Қосу клавишасы операторға сынаманы аспапқа енгізген соң өлшеу циклін қосуға мүмкіндік береді.

А.1.2.11 Өшіру клавишасы операторға өлшеу циклін тоқтатуға мүмкіндік береді. Бұл клавишаны басқан кезде аспап бірден өлшеу циклін тоқтатады да, сынаманы бөлме температурасына дейін қыздырады.

А.1.2.12 Анықтау процесінің диаграммалары

Диаграммалардың бейнесі шығару құрылғысы болған жағдайда ғана мүмкін. А1.5-суретте мүмкін дабыл қисықтарының мысалы көрсетілген. Сынаманың көрсетілген температуралық қисығы операторға көрінбейді және сынаманы салқындату қисығын жақсы түсіну үшін ғана келтірілген. Әр отынға және әр қоспаға арналған тіркелетін қисықтар әр түрлі түрлерде болады. Алайда, сынау жүргізу кезінде детектрлеу және лайлану дабыл қисығының бір типтегі сынамалары өзгеріссіз қалады. Бұл операторға сынаманың сипаттамалық қисығын орнатуға және дабыл қисықтарын салыстыру жолымен өнімнің кез-келген түрленуін анықтауға мүмкіндік береді. «Детектрлеу дабылы» қисығындағы шыңдары сыналатын сынама арқылы өтетін жарық поляризациясының өзгеруіне сәйкес келеді. Жарық поляризациясының өзгерісі сыналатын сынамада кристалдардың түзілуінен болады. «Реактивті қозғалтқыштарға арналған таза отын» қисықтары құрамында қоспалары жоқ отындарға арналған қисықтар мысалы болып келеді. Тіркеу дабылының қисығындағы шыңдар алғашқы кристалдың түзілуін және соңғы кристалдың еруін сипаттайды. Ластанған сынама қисығында бірнеше шыңдар болуы мүмкін. Осы шыңдар қоспаның кристалдануына және реактивті қозғалтқыштарға арналған отынның кезекті кристалдануына сәйкес келеді. Бұл жағдайда қыздыру уақытында реактивтік қозғалтқыштарға арналған отын кристалдарының еруі және қоспалар кристалдарының еруі әр түрлі температуралар кезінде болады. Бұл қоспаның бар екендігіне куәландырады.

А.1.2 ескертпесі – Толық сипаттама, орнату, жөндеу және техникалық қызмет көрсету нұсқасы жеткізушімен әр аспапқа қоса берілетін дайындаушының нұсқаулығында келтірілген.



Сынамаға арналған ұяшық



Алюминді блоктың минималды өлшемдері



А.1.1 суреті – Сыналатын ұяшық



А.1.1-сурет – Сыналатын ұяшық



А.1.3-сурет – Аспаптың сыртқы түрі



А.1.4 суреті – Кристалдану температурасын анықтауға арналған автоматтық аспап



А.1.5 суреті – Анықтау процесінің диаграммалары

Е қосымшасы
(ақпараттық)

Е.1 кестесі Түрлендірілген ұлттық стандарттың техникалық ауытқулар тізімі

Бөлім, бөлімше, тармақ, тармақша, кесте, қосымша	Түрлендіру
2-бөлім. Нормативтік сілтемелер	ASTM D 2386 Test method for freezing point of aviation fuels стандартына сілтеме *ҚР СТ GB/T 2430* [1] Авиациялық отындарда қату температурасын анықтау әдісі* стандартына алмастырылды.
2-бөлім. Нормативтік сілтемелер	ASTM D 4057 Practice for Manual Sampling of Petroleum and Petroleum Products (Мұнай және мұнай өнімдері сынамаларын қолмен таңдау жөнінде басшылық) стандартына сілтеме ҚР СТ ИСО 3170[2]-2006 «Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен таңдау әдістері» стандартына алмастырылды.
2-бөлім. Нормативтік сілтемелер	ASTM D 4177 Practice for Automatic Sampling of Petroleum and Petroleum Products (Мұнай және мұнай өнімдері сынамаларын автоматтық таңдау жөнінде басшылық) стандартына сілтеме ҚР СТ ИСО 3171[2]-2007 «Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектері. Сынамаларды құбырлардан автоматтық таңдау» стандартына алмастырылды.
5-бөлім. Маңыздылығы және қолданылуы. 5.3-тармағы	ASTM D 2386 Test method for freezing point of aviation fuels стандартына сілтеме *ҚР СТ GB/T 2430* [1] Авиациялық отындарда қату температурасын анықтау әдісі* стандартына алмастырылды.
5-бөлім. Маңыздылығы және қолданылуы. 5.4-тармағы	ASTM D 2386 Test method for freezing point of aviation fuels стандартына сілтеме *ҚР СТ GB/T 2430* [1] Авиациялық отындарда қату температурасын анықтау әдісі* стандартына алмастырылды.
Түсініктеме: Нормативтік сілтемелерді алмастыру осы стандартты Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттар базасымен үйлестіру мақсатында жүргізілді. [1] сәйкестік дәрежесі – (MOD) түрлендірілген, *ҚР СТ GB/T 2430* стандартына енгізілген техникалық ауытқулар осы стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді. [2] сәйкестік дәрежесі – (NEQ) эквиваленттік емес, енгізілген техникалық өзгерістер осы стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді. * – *ҚР СТ GB/T 2430* жариялану сатысында	

Е.1 кестесі *(жалғасы)*

Бөлім, бөлімше, тармақ, тармақша, кесте, қосымша	Түрлендіру
7-бөлім. Сынамаларды таңдау. 7.1-тармағы	ASTM D 4057 Practice for Manual Sampling of Petroleum and Petroleum Products (Мұнай және мұнай өнімдері сынамаларын қолмен таңдау жөнінде басшылық) стандартына сілтеме ҚР СТ ИСО 3170[2]-2006 «Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен таңдау әдістері» стандартына алмастырылды.
7-бөлім. Сынамаларды таңдау. 7.1-тармағы	ASTM D 4177 Practice for Automatic Sampling of Petroleum and Petroleum Products (Мұнай және мұнай өнімдері сынамаларын автоматтық таңдау жөнінде басшылық) стандартына сілтеме ҚР СТ ИСО 3171[2]-2007 «Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектері. Сынамаларды құбырлардан автоматтық таңдау» стандартына алмастырылды.
9-бөлім. Калибрлеу. 9.2-тармағы	ASTM D 2386 Test method for freezing point of aviation fuels стандартына сілтеме *ҚР СТ GB/T 2430* [1] Авиациялық отындарда қату температурасын анықтау әдісі* стандартына алмастырылды.
12-бөлімі. Дәлдік және қателік. 12.3-тармағы	ASTM D 2386 Test method for freezing point of aviation fuels стандартына сілтеме *ҚР СТ GB/T 2430* [1] Авиациялық отындарда қату температурасын анықтау әдісі* стандартына алмастырылды.
12-бөлімі. Дәлдік және қателік. 12.3-тармағы. 1-формула	ASTM D 2386 Test method for freezing point of aviation fuels стандартына сілтеме *ҚР СТ GB/T 2430* [1] Авиациялық отындарда қату температурасын анықтау әдісі* стандартына алмастырылды.
Түсініктеме: Нормативтік сілтемелерді алмастыру осы стандартты Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттар базасымен үйлестіру мақсатында жүргізілді. [1] сәйкестік дәрежесі – (MOD) түрлендірілген, *ҚР СТ GB/T 2430* стандартына енгізілген техникалық ауытқулар осы стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді. [2] сәйкестік дәрежесі – (NEQ) эквиваленттік емес, енгізілген техникалық өзгерістер осы стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді. * – *ҚР СТ GB/T 2430* жариялану сатысында	

Е.1 кестесі *(жалғасы)*

Бөлім, бөлімше, тармақ, тармақша, кесте, қосымша	**Түрлендіру**
12-бөлімі. Дәлдік және қателік. 12.3.1-тармағы	ASTM D 2386 Test method for freezing point of aviation fuels стандартына сілтеме *ҚР СТ GB/T 2430* [1] Авиациялық отындарда қату температурасын анықтау әдісі* стандартына алмастырылды.
12-бөлімі. Дәлдік және қателік. 12.3.3-тармағы	ASTM D 2386 Test method for freezing point of aviation fuels стандартына сілтеме *ҚР СТ GB/T 2430* [1] Авиациялық отындарда қату температурасын анықтау әдісі* стандартына алмастырылды.
12-бөлімі. Дәлдік және қателік. 12.4-тармағы	ASTM D 2386 Test method for freezing point of aviation fuels стандартына сілтеме *ҚР СТ GB/T 2430* [1] Авиациялық отындарда қату температурасын анықтау әдісі* стандартына алмастырылды.
Түсініктеме: Нормативтік сілтемелерді алмастыру осы стандартты Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттар базасымен үйлестіру мақсатында жүргізілді. [1] сәйкестік дәрежесі – (MOD) түрлендірілген, *ҚР СТ GB/T 2430* стандартына енгізілген техникалық ауытқулар осы стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді. [2] сәйкестік дәрежесі – (NEQ) эквиваленттік емес, енгізілген техникалық өзгерістер осы стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді. * – *ҚР СТ GB/T 2430* жариялану сатысында	

ӘОЖ **МСЖ 75.160**

Түйінді сөздер: Авиациялық турбиндік отын, қату темературасы, лазер, оптикалық, балауыз кристалдары

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МЕТОД ОПРЕДЕЛЕНИЯ ТЕМПЕРАТУРЫ ЗАМЕРЗАНИЯ АВИАЦИОННЫХ ТОПЛИВ

СТ РК 2415 – 2013

ASTM D 7153-05 (2010) Standard test method for freezing point of aviation fuels (automatic laser method), (MOD)

Данный национальный стандарт основан на ASTM D 7153-05 (2010) разработанный АСТМ Интернешнел, 100 Барр Харбор Драйв, Вест Конекшен, Штат Пенсильвания, 19428, США, авторское право АСТМ Интернешнел, PA 19428, США. Переиздается с разрешением АСТМ Интернешнел

Издание официальное

Комитет технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

ПРЕДИСЛОВИЕ

1 РАЗРАБОТАН Акционерным обществом «Информационно-аналитический центр нефти и газа»

ВНЕСЕН Техническим комитетом по стандартизации № 58 «Нефть, газ, продукты их переработки, материалы, оборудование и сооружения для нефтяной, нефтехимической и газовой промышленности»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан № 548-од от 27.11.13 г.

3 Настоящий стандарт является модифицированным по отношению к зарубежному стандарту ASTM D 7153-05 (2010) «Standard test method for freezing point of aviation fuels (automatic laser method)» (Определение температуры замерзания авиационных топлив. Автоматический лазерный метод) путем изменения содержания элемента стандарта, что обусловлено заменой нормативных ссылок зарубежного стандарта на действующие государственные и межгосударственные стандарты, при этом дополнительные слова (фразы, показатели, их значения), включенные в текст стандарта для учета потребностей национальной экономики Республики Казахстан и/или особенностей стандартизации выделены *курсивом*

